

««Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы»МҚҚК

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытындысы

Маржанбұлақ ауылы, 2026 жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы (бұдан әрі-бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы негізінде, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының **өзін-өзі бағалау жүргізілді.**

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: білім беру қызметінің 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сай жүзеге асырылуын анықтау.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының **өзін-өзі бағалау жұмыстары 2026 жылғы 21 мамырдағы №25 бұйрығымен бекітілген келесі құрамдағы комиссиямен өткізілді:**

1. Еркусимова Ляйля Тимуровна - «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы МКҚК меңгерушісі, комиссия төрайымы;
2. Кангожина Нурсулу Танжарбаевна - «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы МКҚК әдіскері;
3. Аймахова Салтанат Аманғалиевна - «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы МКҚК тәрбиешісі;
4. Смадиярова Назерке Бауыржанқызы - «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы МКҚК тәрбиешісі;
5. Абенова Акзер Райымбековна - «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы МКҚК кәсіподақ төрағасы.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1) Білім беру ұйымының атауы:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

(Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама көшірмесі сайтқа жүктелді)

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 030210, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылы, Мектеп көшесі №6 ғимарат. Екі кабатты, сыйымдылығы 73 бала.

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ. Жер участкесінің кадастрлік нөмері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Алға аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы берілген. БСН 070640006637.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электрондық пошта, web-сайт): телефон /871337/5-37-50, сайт balapan-alga.edu.kz.

электрондық поштасы balapan.balabaksha@mail.ru; инстаграмм паракшасы: [*balapanmarzhanbulak*](#).

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» МКҚК менгерушісі Еркусимова Ляйля Тимуровна. “Алға аудандық білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің 2016 жылғы 04 наурыздағы № 1-16 §3 бұйрығы негізінде менгеруші қызметіне тағайындалды. 2021 жылдың қаңтар айының 5-нен бастап” Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» МКҚК № 1-1 §20 бұйрығымен қайта тағайындалды (заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық көшірмесі сайтқа жүктелді).

5) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: (білім беру ұйымның жарғысы) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанда № 469 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 49-1904-04-440-ГП (білім беру ұйымының Жарғысы сайтқа жүктелді)

6) Рұқсат беру құжаттары: (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама):

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 2021 жылғы 3 ақпанда берілген № KZ58RVK00031356 «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау туралы хабарлама көшірмесі сайтқа жүктелді).

2.Кадрлық құрамға талдау.

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаттар,оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтар туралы мәлімет «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында 2025-2026 оқу жылдарында 10 педагог жұмыс жасалы.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының өзін-өзі бағалау анықтамасына және әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасына сәйкес кесте бойынша мәліметтер ұсынылды: меңгеруші-1, әдіскер-1, педагог-психолог-1, музыка жетекшісі-1, тәрбиешілер-6.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Жоғары білімді	Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Оның ішінде мектепке дейінгі арнаулы орта	Педагогикалық білімі жоқ
2023-2024	9	5	3	4	3	0
2024-2025	10	7	5	3	2	0
2025-2026	10	7	5	3	2	0

Педагогтардың біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы мәлімет

№	Оқу жылы	Барлық педагогтар саны	ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты	«Өрлеу» БАҰО	Педагогикалық шеберлік орталығы	«Daryn.Online» ЖШС
1.	2024 -2025	10	2 (20%)	1 (10%)	0	0
2.	2025-2026	10	2 (20 %)	1 (10 %)	0	0

Соңғы 2 жылда кәсіби біліктілігін арттырған педагогтардың пайыздық көрсеткіші:

2023-2024 оқу жылы – 4 педагог (44,4%)

2024-2025 оқу жылы – 3 педагог (30%)

2025-2026 оқу жылы – 3 педагог (30 %)

Педагог қызметкерлердің еңбек өтілімдері

Р/с	Лауазымы	Еңбек өтілі				
		0-5 жыл	5-10 жыл	10-15 жыл	15-20 жыл	20 жылдан астам
1	меңгеруші					1
2	әдіскер				1	
3	педагог-психолог			1		
4	музыка жетекшісі		1			
5	тәрбиешілер	1	3	2		

Педагог қызметкерлердің жас ерекшеліктері.

Р/с	Барлық педагогтар	Жас шамалары						50-ден жоғары
		20-25	25-30	30-35	35-40	40-45	45-50	
	10 педагог		1	1	1	3	1	3

Педагогтардың біліктілік санаттары туралы мәлімет

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген. Осыған орай «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының педагогтар санаттарын көтеруге жұмыстанған. Өзін-өзі бағалау анықтамасы бойынша және әдістемелік ұсынымдардың 2-қосымшасына сәйкес берілген мәлімет бойынша:

Оқу жылы	Педагогтар саны	жоғары	бірінші	II санат	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	Санаттық жоқ педагогтар	3 санатты басшы
2025-2026	10	-	-		1(10%)	3 (30%)	4(30%)	1 (10%)	1 (10%)

2023-2024 оқу жылы: 9 педагогтан санаты бар 7 педагог (77,8%)

2024-2025 оқу жылы: 10 педагогтан санаты бар педагог саны – 7 (77,8%)

2025-2026 оқу жылы: 10 педагогтан санаты бар педагогтер саны – 9 (90%)

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 2-тарау, 24 тармағына сәйкес педагогтер біліктілік санатының деңгейін арттырып тұрады.

2025-2026 оқу жылында балабақшада 10 педагог қызмет етеді оның 2 жоғары педагогикалық (менгеруші, психолог), 5 тәрбиеші жоғары «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 2 педагогте арнаулы орта «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 1 арнаулы кәсіптік (музыка жетекшісі) мамандығы бойынша білімдері бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары негізінде «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында базалық білімі жоқ педагогтар анықталмады.

Мектепке дейінгі педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Оқу -ағарту министрінің м.а.2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары кестесіне сәйкес жасалған және балабақша әкімшілігімен бекітілген.

2025-2026 оқу жылындағы педагогтар туралы мәлімет

№	Аты- жөні,тегі	Қызметі	Санаты	Білімі (диплом бойынша мамандығы,бітірген жылы)
1	Еркусимова Ляйля Тимуровна	менгеруші	3 санатты басшы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2005 ж, Мамандығы: тарих және география пәнінің мұғалімі.
2	Кангожина Нурсулу Танжарбаевна	әдіскер/ тәрбиеші	Педагог- модератор	Көпсалалы «Рауан» колледжі, 2013 ж, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту БҚИТУ, 2017 ж, педагогика және психология. Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу».
3	Арзакулова Динара Кабиболаевна	психолог	Педагог-сарапшы	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2008 ж, педагогика және психология. Мамандығы: «психология бакалавры»
4	Абенова Акзер Райымбековна	тәрбиеші	Педагог- модератор	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2018 ж, Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу».
5	Аймахова Салтанат Амангалиевна	тәрбиеші	Педагог- зерттеуші	Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 20 ж Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2012 ж. Мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту».
6	Боранбаева Сандигул Сағиновна	тәрбиеші	Педагог-сарапшы	Көпсалалы «Болашақ» колледжі, 2013 ж, Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік

				университеті, 2023 ж. Мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту».
7	Нагиева Гульназ Каршыгаевна	тәрбиеші	педагог	Орал қаласы, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж. 2019 ж. Мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
8.	Смадиярова Назерке Бауыржанқызы	тәрбиеші	Педагог-сарапшы	Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 2014 ж. К.Жубанов атындағы өңірлік мемлекеттік университет, Педагогика және психология, 2017 ж. Мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»
9.	Абишева Гулжамал Улукпановна	музыка жетекшісі	Педагог-модератор	Ақтөбе музыка училищесі, 1984 ж. Мамандығы: Балалар музыка мектебінің қобыз класы бойынша мұғалімі.
10	Жантлеуова Алия Сериковна	тәрбиеші	Педагог-модератор	Көпсалалы «Рауан» колледжі, 2015 ж, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.. Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу».

(Бағаланатын кезеңге педагогтардың штаттық кестесі, тарификациялық тізімі, біліктілікті арттыру туралы сканерленген көшірмелері жинақталды және әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасы балабақшаның сайтына жүктелді).

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 22 тармағы «Педагог қызметімен айналысуда педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтың кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі» талабына сәйкес келеді.

3.Тәрбиеленушілердің контингенті

Балабақша сыйымдылығы 75 орын, балабақша аптасына бес күн жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Балабақша 3-5 жас аралығындағы балаларды қабылдайды, барлығы 3 топ. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы ортаңғы топтарда-25 бала, ересек топта-25, жалпы балабақша бойынша сыйымдылығы-24 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, ата-аналардың келісім шарттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген. Күн тәртібі бойынша балалар үш мезгіл тамақтандырылады. Балабақша тәрбиеленушілер контингенті <https://darabala.kz/> сайтының жолдамасы арқылы тіркелді. Балабақшаға балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі. Ата-аналарға арналған қызмет көрсету бұрышы жасалып, жауапты маман бекітілген. Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылында 3 топ жұмыс жасады:

«Бөбек» - ортаңғы тобы

«Айгөлек» - ересек тобы

«Балақай» - ересек тобы

Тәрбиеленушілер саны:

№	Оқу жылы	Бала саны
1.	2023-2024	72
2.	2024-2025	70
3.	2025-2026	73

Ұсынылған 3 қосымшадағы контингент бойынша биылғы оқу жылының басында 70 тәрбиеленуші тіркеліп, ағымдағы оқу жылының аяғында 70 тәрбиеленуші бар екендігі анықталды. Олардың ішінде

Ортаңғы (3-жастағы балалар) – 1 топ – 25 тәрбиеленуші.

Ересек (4 жастағы балалар) – 1 топ - 24 тәрбиеленуші

Ересек (4 жастағы балалар) – 1 топ – 24 тәрбиеленуші тәрбиеленеді.

Ай сайын балалардың қатысымы мен науқастануы есепке алынып қорытындыланып отырылады. МДҰ-да және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем акысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың 1 күндік тамақтану төлемақысы 600 теңгені құрайды. Негіз - Ақтөбе облысы әкімдігінің 20.01.2026 жылғы №5 қаулысы, және «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының 28.01.2026 ж. №14 бұйрығы.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығына 1- қосымшасының 4-тарауының 25-тармағы «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады: ортаңғы топ-3 жасар балалар; ересек топ-4 жасар балалар, аралас топ- 3,4,5 жасар балалар талабына сәйкес келеді.

(жас топтары бойынша контингент тізімі әдістемелік ұсынымның №3 қосымшасына сәйкес толтырылып, балабақша сайтына жүктелді)

2025-2026 оқу жылында «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында ерекше білімді қажет ететін бір бала анықталды.

2024-2025 оқу жылы

№	Баланың аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	тобы	ПМПК қорытындысы	ПМПК дан өткен уақыты
1	Бакытбекұлы Мұслим	14.12.2019	ересек «Айгөлек»	Ребенок с особыми образовательными потребностями. Задержка психического развития..ОНР 2 уровня. Рекомендации: 1. Воспитание и обучение в массовом детском саду по адаптированной программе. 2. Занятия с логопедом, дефектологом по месту жительства..	16.04. 2024 ж №323
				Речевое и психическое развитие соответствует возрасту	17.03.20 25 жыл №667
2.	Бакытбекызы Медина	14.12.2019	ересек «Айгөлек»	Ребенок с особыми образовательными потребностями. Задержка психического развития..ОНР 2-3 уровня. Рекомендации: 1. Воспитание и обучение в массовом детском саду по адаптированной программе. 2. Занятия с психологом, логопедом, дефектологом по месту жительства..	16.04. 2024 ж №322
				Речевое и психическое развитие соответствует возрасту	17.03. 2025 жыл №661
3.	Нұрбекұлы Нұрасыл	18.11.2020	Аралас «Бөбек»	Задержка психического развития. Нарушение речи: ОНР 1 уровня. Трудности поведения. Рекомендации: 1. Воспитание и обучение в массовом детском саду по адаптированной программе. 2. Специальная поддержка:	20.01. 2025 ж №56.

				логопедом, дефектологом, психологом в детском саду.	
4.	Сағымбай Омар	18.09.2021	Аралас «Бөбек»	Нарушение речи: ОНР 1 уровня. Моторная алалия. Рекомендации: 1. Воспитание и обучение в массовом детском саду по адаптированной программе. 2. Специальная поддержка: логопедом по месту жительства.	12.03. 2025 ж №668
5.	Аманжол Әлім	31.12.2020	Аралас «Бөбек»	Задержка психического развития. Нарушение речи: ОНР 1 уровня. Трудности поведения. Рекомендации: 1. Воспитание и обучение в массовом детском саду по адаптированной программе. 2. Специальная поддержка: дефектологом, психологом, логопедом по месту жительства.	12.03. 2025 ж №660

2025-2026 оқу жылы

1.	Нұрбекұлы Нұрасыл	18.11.2020	Ересек «Балакай»	Задержка психического развития. Нарушение речи: ОНР 1 уровня. Трудности поведения. Рекомендации: 1. Воспитание и обучение в массовом детском саду по адаптированной программе. 2. Специальная поддержка: логопедом, дефектологом, психологом в детском саду.	20.01. 2025 ж №56.
2.	Сағымбай Омар	18.09.2021	Ересек «Айгөлек»	Нарушение речи: ОНР 1 уровня. Моторная алалия. Рекомендации: 1. Воспитание и обучение в массовом детском саду по адаптированной программе. 2. Специальная поддержка: логопедом по месту жительства.	12.03. 2025 ж №668
3.	Жолдығалиев Али	29.07.2022	Орталық «Бөбек»	Задержка психического развития. Нарушение речи:	05.12.2025 ж.

				ОНР 1 уровня. Нарушение поведения. Адаптация общеобразовательной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада	№ 1533
--	--	--	--	---	--------

2025-2026 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қыркүйек айынан бастап осы балаларға тәрбиешілер жеке жоспар құрып, апталық циклограммаларына жеке жұмыс жүргізуді жоспарлаған және де балабақша психологі жоспарға сай жеке жұмыстар жүргізді.

Қазіргі уақытта жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалардың тілі дамуда, өз ойын айтуға, құрдастарымен жақсы қарым-қатынас орнатуға талпыныс бар, ойынға, спорттық сайыстарға, ертеңгіліктерге қатысады.

Балабақшада әлеуметтік инфрақұрылым объектісінің қолжетімділігі бойынша жалпы жағдай жасалған. Балабақшаның кіреберісінде шақыру түймесі орнатылған, бағыт сызықтары көрсетілген.

(ерекше білімді қажет ететін балаға арналған адаптивтік бағдарлама, педагогикалық консилиумнің жұмысы, атқарылған жұмыстар туралы мәліметтер балабақшаның сайтында салынды)

4. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері:

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік, физикалық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу

Міндеттері :

-Балалардың денсаулығын нығайтып өмірін қорғау, қауіпсіз дамытушы орта құру;

-Ойын арқылы балалардың коммуникативтік, физикалық, танымдық қабілеттері мен шығармашылық қиялын, дамыту; Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларын қалыптастыру;

-қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы балаларды патриотизмге, Отансүйгіштікке тәрбиелеу;

-Балабақша мен ата-аналардың ынтымақтастығын арттыру.

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

1.Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс әрекеттерінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында оқу-тәрбие үдерісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп, іске асырылады.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында оқыту-тәрбиелеу процесін:

-Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;

-Қазақстан Республикасы Үкметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделіне;

-Балабақша жарғысына;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына

- Оқу жұмыс жоспарына
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына
- Ішкі тәртіп ережелеріне
- Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің, облыстық білім басқармасы және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

2025-2026 оқу жылындағы оқу жоспары

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
- «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа ала отырып құрылды.

2025-2026 оқу жылында вариативті компонент сағаттары төмендегідей бөлінді:

«Айгөлек» ересек тобы «Мамандықтар әлемі» - адаптивтік бағдарламасы аптасына 1 сағат өткізілді.

Мақсаты: 4 жасар балаларды түрлі мамандықтармен таныстырып, мамандардың еңбегіне қызығушылықтарын арттырып, еңбекті құрметтей білуге тәрбиелейді.

Құрастырған: тәрбиеші, педагог-модератор Жантлеуова А.С.

«Айгөлек» ересек тобы «Табиғат ғажайыптары» - адаптивтік бағдарламасы аптасына 1 сағат өткізілді.

Мақсаты: 4 жасар балаларды экология негіздеріне қызығушылықтарын арттырып, табиғатты құрметтей білуге тәрбиелейді.

Құрастырған: тәрбиеші, педагог-модератор Кангожина Н.Т.

Бағдарлама Алға ауданының білім бөлімінің expertтік кеңесінде 01.09.2024 жылғы №1 хаттамамен бекітілген.

Ортаңғы «Бөбек» тобында «Ұлттық құндылықтар», адаптивтік бағдарламасы аптасына 1 сағат өткізілді.

Мақсаты: балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау, балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Құрастырған: тәрбиеші, педагог-модератор Смадиярова Н.Б.

Ортаңғы «Бөбек» тобында «Өз қолыммен» адаптивтік бағдарламасы аптасына 1 сағат өткізілді.

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық және психикалық процестерін, қолдарының ұсақ қол моторикаларын, шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Құрастырған: тәрбиеші, педагог-сарапшы Аймахова С.А.

Бағдарлама Алға ауданының білім бөлімінің expertтік кеңесінде 01.09.2024 жылғы №1 хаттамамен бекітілген.

Оқу жоспары Алға ауданының білім бөлімімен келісіліп, бекітілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік бағдарламаның міндеттеріне сәйкес перспективалық жоспар, апталық циклограммалар жазылып балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруды күн тәртібіне сәйкес, ойын түрінде жүзеге асырылды.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау индикаторлар жүйесі арқылы іске асырылуда. Ағымдағы 2024-2025 оқу жылы бойынша барлық топтардың және музыка жетекшісінің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары толық жазылды.

(бағаланған кезеңдегі бекітілген перспективалық жоспарлар мен циклограммалар, ҰІӘ кестелері, күн тәртібінің сканерленген көшірмесі балабақша сайтына жүктелді).

5. Оқу –материалдық активтер.

Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» МКҚК Алға ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 118 қаулысына сәйкес 2008 жылдан бастап жұмыс жасайды. 2 топпен (50 бала) ашылған.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» МКҚК Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылдық округі, Маржанбұлақ ауылы, Мектеп көшесі №6 ғимаратта орналасқан. Екі қабатты, типтік емес, сыйымдылығы 75 бала.

2018 жылдың 05 мамыр айында Ақтөбе облысы бойынша филиалының жер кадастары және жылжымайтын мүлік бойынша Алға ауданының бөлімі мүлікті тіркеу бөлімінің 2017 жылғы 11 шілдеде (тіркеу №002141481860 11.07.2017) тіркеген. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-022-036-914; жер учаскесінің алаңы: 0,2573 га. Ғимараттың жалпы алаңы- 1039,7 га. Қабат саны- 2 қабатты. Ғимараттың салынған жылы – 1987 жыл. «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы газ қазандығы арқылы жылытылады, «Маржанбұлақ орта мектебі» КММ жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген.

2014 жылы күрделі жөндеуден кейін Алға ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 25 тамыздағы №334 қаулысына сәйкес «Балапан» Маржанбұлақ балалар бақшасында қосымша 3 топ ашылып, штат бірліктері берілген. Қазіргі уақытта балабақша ғимараты күрделі жөндеуді қажет етіп отыр. Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша 14.04.2023 жылы «Техбақылау-2030» ЖШС-мен 48 000 тг-ге №57 келісім шарт жасап, техникалық бақылау құжаты дайындалды. 14.02.2024 жылы «ASU JOBA» ЖШС-мен №30 келісім-шартқа отырып, қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттары дайындалды. Күрделі жөндеу жұмыстары 2025 жылы өткізу жоспарлануда.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базанын талапқа сай болуын үнемі назарда ұстайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету мақсатында балабақшада заттық-кеңістістік дамытушы орталар құрылды. Дамытушы орта балаға

өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға, өз қабілеттерін пайдалануға, өзін қызықтыратын әрекетпен айналысуға мүмкіндік береді. Балабақшада құрған пәндік дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығын басшылыққа ала отырып білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен жасақтандырылған және әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы меңгеруші тарапынан бекітілген мәліметтері ұсынылған. Аталған мәлімет бойынша балалар балабақшасында жабдықтармен және жиһазбен жеткілікті деңгейде жабдықталғаны анықталды. Әр топта жеке-жеке ойын бөлмесі мен жатын бөлмесі бар, қабылдау бөлмесі, дәретхана, тамақтану бөлмелері бар. Барлық топтар қажетті жиһаздармен жабдықталған. Төсеніштер, ыдыс-аяқтар, жатын төсеніштері жеткілікті. Топтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай безендірілген. Сонымен қатар, ғимаратта меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, психолог кабинеті, біріктірілген музыка мен дене шынықтыру залы бар. Медбике кабинеті, оқшаулау кабинеті, есепші кабинеті, кір жуу бөлмесі, асхана, қосалқы бөлмелер бар. Қажетті жабдықтармен және жиһазбен толық қамтылған.

(Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымның 4-қосымшасына сәйкес балабақшаның сайтына сканерлен жүктелді).

Балабақшадағы сауықтыру, профилактикалық жұмыс медбикенің жетекшілігімен медициналық талаптардың нормасына байланысты жүргізілуде. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жұмыстары бойынша нұсқаулықтар, күнделікті санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау жұмыстары, дене тәрбиесі мен қауіпсіз мінез-құлық негіздерін жетілдіру жұмыстары, емделу, алдын-ала және сауықтыру іс-шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары балабақша және де медбикенің жұмыс жоспарына сай. Медициналық кабинет санитарлық ережелерге сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген:

- Медициналық шкаф - 1;
- Жылжымалы кварц -2;
- Бой өлшегіш- 1;
- Салмақ өлшейтін таразы -1;
- Тонометр -1;
- Емдеу столы – 2;
- Кушетка- 1;
- Бесконтактный термометр -2;
- Мұздатқыш – 1;
- Ширма -1;
- Қабырға кварцы -4;
- Жазу үстелдері- 1;
- Құжаттар салуға арналған шкаф- 1.

Балабақша медбикесінде 17 жүргізуге міндетті журналдар бар, барлығы тігіліп номерленген. Балалардың күнделікті құнарлы да, сапалы тағамдармен тамақтандыруды ұйымдастыру балабақша медбикесінің бақылауымен жүргізіледі. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоназытқыш, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті,

үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай жасакталған. Тәртіп пен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігі әрдайым басты назарда.

Балабақшаның барлық топтары жиһаздармен, ойыншықтармен жабдықталған. Топтарда тәрбие мен оқыту процесін мемлекеттік стандарт пен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сай балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру күн тәртібіне сәйкес, ойын түрінде жүзеге асыру үшін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып заттық-дамытушы орталар құрылған.

Физикалық дағдыларды дамыту:

Физикалық дамыту аймағы бойынша сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі, балабақшада дене шынықтыру залы музыкалық залмен біріктірілген. Осы жерде стандартқа сай гимнастикалық қабырға, үрмелі доптар, қысқы спорттық құралдар (шаңғы, самокаттар, велосипедтер, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, құрсаулар, жалаушалар, үлкен, кіші доптар, секіргіштер, доғалар, жалаушалар т.б.) қимылды ойындар құралдары жинақталған. Топтарда да денсаулық бұрышы массажлы кілемшелермен, үрмелі доптар, кеглилер, құм қалташалары, жаттығуға арналған спорттық құралдармен жабдықталды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

бойынша топтарда қуыршақ, көленке, үстел үсті, саусак, алжапқыш, тантамареска театрлары, жас ерекшеліктеріне сай сюжетті-рөлді (құрылысшы, тігінші, аурухана, шаштараз, дүкенші, отбасы, дәріхана) ойындары бар. Балаларға арналған ертегілер «кітап бұрышында» барлық топтарда жинақталған. Тілдерін дамытып, сөздік қорларын молайтуға арналған лепбуктар (табиғат, үй жануарлары, жабайы аңдар, жемістер мен көкөністер, гүлдер, жиһаз т.б. тақырыптарда) үстел-үсті ойындар жинақталған. Сонымен қатар әр топта мобильді кітапханалар бұрышы жасалған, балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған 363 көркем әдебиет және де 14 аудио кітап, дискілермен қамтамасыз етілген.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған түрлі сенсорикалық ойындар, құрастыруға арналған түрлі көлемдегі кубиктермен, конструкторлар, пазлдар ересек тобында «Лулия» сақиналары мен асық терапияның элементтері, «Зайцев текшелері», ал қалған топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай зерттеу жұмыстарына арналған (лупа, құмсағат, түрлі көлемдегі ыдыстар, тастар, түрлі-түсті құм, сусымалы заттар т.б.) құралдар мен ойын түрлері толықтырылып жинақталған.

Шығармашылық дағдылардың, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:

«Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы ортада музыка залында балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі музыкалық аспаптар (домбыра, соқпалы аспаптар, барабан, бубен, сылдырмақ, қоңыраулар, үшбұрыш, маракастар, гофра ойыншықтары), үрмелі аспаптар, театрланған қойылым атрибуттары, маскалар, көрнекіліктер эстетикалық талғамда жасалып жинақталған, ал топтарда бейнелеу құралдарының түрлерімен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналған аудио құралдарымен жабдықталған. Шығармашылық жұмыс құралдары балаларға қол жетімді жерде орналасқан.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған барлық топтарда «Ұлттық бұрыш», «Табиғат бұрышы», «Жол қауіпсіздік ережесі», «Зерттеу» бұрыштары бар.

Балабақшаның барлық топтарында үстел үсті, дамытушы ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Баланың коммуникативтік қабілеттерін дамытып, қоршаған орта мен құрдастарының арасында өзін еркін сезінуге сюжетті-рольді, еркін ойындар да қарастырылған.

Балалар қауіпсіздігі әрдайым басты назарда. 2019 жылы балабақшаның топ бөлмелері, 1 қабатта кіреберіс және балабақша ауласындағы ойын алаңдары бейнебақылаумен жабдықталды. Бейнебақылау камераларына қызмет көрсету үшін 2024 жылдың 12 қаңтар күні мемлекеттік сатып алудың №16 келісім шарт ЖШС «TechPoshStroiService» деп аталатын өнім берушімен жасалды. Мекемеде барлығы 7 аналогты бейнекамералары жұмыс жасайды. Камералардың сақтау мерзімдері 30 күндік. Ғимараттың 1 қабатында 1 бейнебақылау, 2 қабатында 3 бейнебақылау және сыртта 3 бейнебақылау камералары жұмыс жасап тұр. Монитор меңгеруші кабинетінде орналасқан. Бейнебақылау камераларға «Centr Gazag International» ЖШС тарапынан тоқсан сайын бақылау жүргізіліп отыр, 22.01.2025 жылы №9 шарт жасалды. Істен шыққан немесе ақау білінген бейнебақылау камералары қазіргі таңда анықталған жоқ.

Сонымен қатар, 2023 жылы балабақшада дабыл түймесі орнатылды, жергілікті учаскелік полиция қызметкерінің ұялы телефонына қосылған. Дабыл түймесінің бақылау қызметі бойынша 14.02.2025 жылы №18 «Эверест Секьюрити» ЖШС келісім шарт жасалды.

Балабақша бейнекамералармен, жарықпен, жылумен қамтамасыз етілген.

Балабақшада 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 19.09.№294 бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 20.09.№398, «Алға ауданының білім бөлімі» ММ 29 қыркүйек 2023 жылғы № 01-03-139н/н 2024-2025 оқу жылына «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы бұйрықтарына сәйкес балабақшаның «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жоспары құрылып, жоспарға сай өткізілген шаралар жүргізіліп, мәліметтер жинақталған. Сонымен қатар, ағымдағы оқу жылында балабақшада «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» құрылып, жоспар бойынша жұмыс жүргізілді. Материалдар жинақталған.

(құжаттар сканерленіп балабақша сайтына жүктелді)

Қорытынды: Жабдықтармен және жиһазбен қамтылуы Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымшаның 1-тарау, 9 тармағына сәйкес келеді.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана

Балабақшада ақпараттық—коммуникативтік технологияларды қолданудың негізгі мақсаты білім беру жүйесінің барлық қатысушыларының заман талабына сай АКТ —ны тиімді пайдалану және ақпараттық мәдениетін арттыру болып табылады. Балабақша компьютерлік техникамен жабдықталған және балабақша педагогтары ақпараттық—коммуникативтік технологияларды кеңінен қолданады. Компьютерлік техниканы және интернет байланысын пайдалану тәрбие-білім беру процесінің тиімділігін арттырады. Қазіргі таңда балабақшаның барлық педагогтері компьютерлік техниканы меңгерген, интернет ресурстарымен жұмыс істеуге дағдыланған. Балабақшаның барлық құжат

айналымы электронды түрде жүргізіледі. Әдістемелік кабинеті компьютер, принтер, сканер, ламинатор, переплет құралдарымен жабдықталған. Музыка залында проектор бар. Әдіскер кабинетінде әдістемелік құралдар, әдістемелік әдебиеттер, балалар әдебиеті, көрнекі және дидактикалық материалдармен, оқыту бейнеметериалдары, электронды тасығыштар, электронды ертегілер, жас ерекшеліктеріне сай балалар көркем әдебиетінің шағын кітапхана қоры бар.

(№5 қосымша бойынша мәліметтер сканерленген түрінде балабақшаның ресми сайтына жүктелді)

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

2024-2025 оқу жылында балабақша тәрбиеленушілерінің біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингісі «Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсыным» (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамасы) негізінде жүргізілді.

2024-2025 о/ж. «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы балаларының біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингі

Кезеңдері	Жоғары деңгейлі балалар үлесі	Орта деңгейлі балалар үлесі	Төмен деңгейлі балалар үлесі
Бастапқы	17 %	27 %	56 %
Аралық	34 %	54 %	12 %
Қорытынды	79 %	16 %	5 %

7.1 Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы:

2025-2026 оқу жылында ересек «Балақай», ересек «Айгөлек», ортанғы «Бөбек» топтары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген мониторинг негізінде әр баланың жеке даму карталары толтырылды. Балалармен жүргізілетін жеке, түзету-дамыту жұмыстары тәрбиешілердің апталық циклограммаларында көрсетілген, әр тәрбиеленушінің жеке даму карталары әр кезеңде толтырылып, қағаз және электронды түрде жинақталған.

(бағаланатын кезеңдегі ортанғы, ересек, аралас топ тәрбиеленушілерінің жеке даму карталарының көшірмелері сканерленген нұсқада балабақша сайтына жүктелді.)

7.2 Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің бастапқы нәтижелерін болуы және талдауы.

2025-2026 оқу жылында «Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсыным» (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамасы) бойынша жасалды. Бастапқы мониторингтің әдіскердің жиынтық есебі 3 топ бойынша толтырылды.

(бағаланатын кезеңге бастапқы мониторингінің бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебінің көшірмелері сканерленген нұсқада балабақша сайтына жүктелді)

7.3 Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау.

2024-2025 оқу жылындағы қорытынды мониторингтің әдіскердің жиынтық есебі 3 топ бойынша толтырылды.

(бағаланатын кезеңге қорытынды мониторингінің бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебінің көшірмелері сканерленген нұсқада балабақша сайтына жүктелді.)

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы

2025-2026 оқу жылында оқу жұмыс жоспарын зерделеуге ұсынылды. Оқу жұмыс жоспары Алға аудандық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, балабақша меңгерушісімен бекітілген. 2025-2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары 3 топқа құрылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығының 2 қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022ж №394 бұйрығы негізінде оқу жұмыс жоспары құрылған.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Балабақшаның барлық топтарында заттық-кеңістік дамытушы ортасын толықтыру.
2. Педагогтердің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес олимпиада, жарыстар мен конкурстарға қатысушылар (педагогтер мен тәрбиеленушілер) санын арттыру.

Қорытынды:

Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауы және өткізуі туралы қорытындысы

1. Мекеменің 21.05.2026 жылғы № 25 «Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» туралы бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия төрағасы
Комиссия мүшелері



Еркусимова Л.Т.
Кангожина Н.Т.
Абенова А.Р.
Аймахова С.А.
Смадиярова Н.Б.